

Жаркент қаласының көшесін қайта атау туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2026 жылғы 24 маусымдағы № 8-61-283 бірлескен шешімі және Жетісу облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 24 маусымдағы № 333 қаулысы. Күші жойылды - Жетісу облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2026 жылғы 3 шілдедегі № 8-62-286 бірлескен шешімі және Жетісу облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 3 шілдедегі № 342 қаулысымен.

Күші жойылды - Жетісу облысы Панфилов аудандық мәслихатының 03.07.2026 № 8-62-286 бірлескен шешімі және Жетісу облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 03.07.2026 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес және Жаркент қаласы халқының пікірін ескере отырып, 2026 жылдың 12 маусымындағы Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Панфилов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ және Панфилов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаркент қаласының 3-ықшам ауданы № 14 көшесі "Сұлтан Мұсаев" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен Панфилов аудандық мәслихатының шешімі мен Панфилов аудан әкімдігінің қаулысының орындалуын бақылау Панфилов аудандық мәслихатының "Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік саясат, спорт, жастар ісі мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Панфилов аудандық мәслихатының шешімі және Панфилов ауданының әкімдігінің қаулысы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы
Аудан

Е.Шоқпаров
М.Сағымбек